



# Ғылым тағам

— рухани-танымдық журнал



# Өнегелі отбасыдан үлгілі ұрпақ өседі

- Қазіргі жастардай күй-дім-сүйдім деген жоқпыз. Екеуіміздің анамыз өзара шешкен екен. Біз көндік. Одан жаман болған жоқпыз. Отасқанымызға 70 жылға жуықтап қалды. 10 бала өсірдік. Он балам он ауыл болды, міне. Шүкір. Сондықтан жар таңдауда үлкендердің айтқанына құлақ асқан дұрыс деп санаймын, - дейді Абдулла Нұсқабаев.

Шынында отбасын құру, сол шаңырақты сақтап қалу - оңай шаруа емес. Отбасы - адам баласының өсіп-өнер алтын ұясы. Өйткені, тәрбиенің түп-тамыры отбасынан басталады. Ал бақытты отбасын құру отағасы мен отанасына байланысты. «93-тің көжесін ішіп жатырмын» деген Абдулла Нұсқабай - 81 жан өріп шыққан шаңырақтың иесі. Үнемі өткеніне салауат, барына шүкір айтып, ұрпағының болашағына сеніммен қарайтын отағасы. Абдулла ақсақал - ҰОС ардагері. Курск доғасында болған қанды шайқастан бастап, соғысты Прагада аяқтаған «Қызыл жұлдыз», «I-II дәрежелі Отан соғысы» ордендерінің иегері. Абдулла Нұсқабай әскерге 1943 жылғы қаңтар айында шақырылғанда небәрі 18 жаста болған екен. 1944 жылы лейтенанттар даярлайтын арнайы курста оқыған. Ленинград, 1-ші Украина майдандарындағы шайқастарға

«Болашақ ұрпағымызды тәрбиелегенде оларға жасайтын имандылық пен сауаттылық қасиеттерді сіңірсек, тәлім-тәрбие берсек, сонда ғана рухы дамыған, Отанның гүлденуіне өз үлесін қоса алатын азамат өсіре аламыз».

Нұрсұлтан Назарбаев

жалғыз қызы, менің үстімде болды. «Сенің өгізге мініп, шөп шауып, ауыр жұмыс жасағаныңды көргім келмейді, көршінің соғыстан оралған баласына тұрмысқа шығасың» деді. Аштықты, небір ауыртпалықты бірге көрген екі кемпір өзара сөз байласқан екен ғой. Жыласам да, сықтасам да қарсы шығар не дәрмен бар, - деп еске алады Әлила әжей. Қарыс адым жердегі көршінің есігін аттадым. Екі жыл сайын құдай берген балалар дүние есігін ашып жатты. Сол үйдің ыстығына күйіп, суығына тоңып, бар тірлікті жасадым. Диірмен де тарттым. Масақ та тердім. Менің білімім 8 сыныптық болды, сонда да жұмыстан қашқаным жоқ. Мектептің отын да жақтым, интернаттың балаларын да бақтым, әйтеуір, мектепте не қызмет болса, бәрін істедім. Жаз болса, жөндеу жұмыстарында жүрдік, тыным тапқан

қатысқан. Пулемет рота-сында командир қызметін атқарған. Екі рет жараланыпты. Елге оралғаннан кейін педогогикалық училищені тәмамдап, мұғалім болып жүрген кезінде шаңырақ көтереді. - Менің анамның соғыста екі баласынан айрылып, аңырап жүрген кезі-тұғын. Бар жаны

\*\*\*Отбасы - табиғат сыйлаған кереметтердің бірі. Жеке адамның бойындағы ар-ұятын, ақыл-ойын, адамгершілігін, мәдениеттілігін тәрбиелеуде отбасы - алғашқы қадам.

\*\*\*Отбасы - өте қажетті, басқадай еш нәрсемен өзгертуге болмайтын баспалдақ.

\*\*\*Отанға деген ыстық сезім - жақындарына, туған-туысқандарына деген сүйіспеншіліктен басталады. Сол себепті де отбасы Отанның кішкентай бір бөлшегі.

\*\*\*Қыз баланың тәрбиесінде ананың рөлі басым болады. Менің анам бізге қыз балаға тән нәзіктікті,

ең бірінші «әкелеріңді сыйлаңдар, ренжітпеңдер, әкелеріңнің қарғысын алмаңдар» деп айтып, әкені сыйлауды, жалпы ер азаматты сыйлауды үйреткен.

\*\*\*Ата-ананың, басқа да отбасы мүшелерінің өмір сүру тәжірибесі, жүріс-тұрысы, өз міндеттерін таза атқару, бір-бірін құрметтеп сыйлауы - бәрі де үлкен мектеп, тәрбиелік мәселе.

\*\*\* Отбасының басты қызығы, алтын тіреу діңгегі - бала. Баланың тәрбиелі болып өсуіне берекелі отбасының әсері мол.

Әлила әжейдің жазбаларынан

жоқпыз. Балаларымды оқытамын деп тары түйіп, саттым. Сол еңбектің арқасында балалар өсіп-жетілді. Нанын жегізіп жатыр. Шүкір.

Абдулла ағай да балаларын оқуға, білімге ұмтылуға тәрбиелеген. Сол жолда бар күшін сарп еткен. Мектеп түлектерін ауылдағы жұмысшы бригадаларында қалуға үгіттеген бастамаға бар жан-тәнімен қарсы тұрып, сол кездегі ауыртқомның екінші хатшысымен сөзге келеді. «Ауыл баласы малшы, ауыл баласы тракторшы болу керек деген болмайды. Ауыл баласынан да жоғары білікті инженер, ғалым шығады» деп табандап тұрып алыпты. Сонысы үшін берілейін деп тұрған білім ісінің үздігі атағынан қағылады. Дегенмен, білімді мыңды жығады деп шәкірттерін білімге, ғылымға ұмтылуға үйретуден жалықпаған. Қазір сол шәкірттерінің алдыңғы сапында Убайдулла Мәмбетов, Жұманазар Асанов деген сияқты профессор, жоғарғы оқу орындарында дәріс беретін ұстаздар жүр. Мектеп директоры болып жұмыс жасайтындары да, басқа да шаруашылықтарда басшы қызметтердегісі қаншама.

## БЕРІК ОТБАСЫ- ҚОҒАМНЫҢ ТІРЕГІ

Нұсқабаевтар әулеті тамырын тереңге жайған бәйтеректей өсіп, жапырақтарын жайып келеді. Жақында ғана гауһар тойын тойлады. Әулетте қазір 81 жан. Соңғы айдың өзінде бір немере, 3 шөбере дүние есігін ашып, отбасы қуанышын еселетті.

Балаларын ізгілікті қасиеттерге тәрбиелеп, үлкен жетістіктерге қол жеткізген жарасымды жанұялар ды көпке үлгі етіп, насихаттай берудің маңызы зор. Осы мақсатта Елбасы жарлығымен жарияланған «Мерейлі отбасы» байқауы осымен үшінші рет өтті.

Отбасы мүшелерінің жетістіктерінің маңыздылығына, рухани-адамгершілік құндылықтарға, отбасылық дәстүрлер мен жәдігерлерге, арғы тектерін білуіне назар аударатын «Мерейлі отбасы» байқауында Нұсқабаевтар әулетінің



бірінші орын алатындай нәтижелері баршылық. Бұл отбасында мұғалім, дәрігер, кәсіпкер мен мұнайшы да бар. Балаларының барлығы бақуатты тұрады. Шөберелерінің алды «Болашақ» бағдарламасымен шетелде оқи бастады. Немерелерінің ішінде үлкен лауазымды қызметте жасайтындары жайлы Абдулла ақсақал мен Әлила әжей мақтана айтады. «Мерейлі отбасы» байқауына 417 отбасы қатысқан. Олардан облыстық деңгейдегі кезеңінде 25 отбасы бақ сынады. Жеңімпаз отбасыға шипажайға 4 адамдық жолдама берілді. Және республикалық байқауға қатысып, бақтарын сынайды.

«Әке- асқар тау,

Ана- етегіңдегі бұлақ,

Бала-жағасындағы құрақ» .

«Әкеге қарап ұл, шешеге қарап қыз өседі» дейміз. Шынында отбасының ең маңызды қызметтерінің бірі, негізгісі - баланы өмірге келтіру ғана емес, сонымен бірге оған әлеуметтік-мәдени ортаның құндылығын қабылдау, үлкен ұрпақтың тәрбиесін жас ұрпаққа жеткізу, бойына сіңірту, яғни балаларын өздерін қоршаған ортаға және қоғамға пайдалы азамат етіп өсіру. Отбасында адам бойындағы асыл қасиеттер жарқырай көрініп, қалыптасады.

Ата-анасын, аға-сіңлілерін сыйлай білген, жақындарына жақсылық тілеген адам, болашақта еліне, оның дамуына көп септігін тигізеді.

Қайрат Нұсқабаев; ұлы:

- «Жақсы әке балаға 40 жыл азық» дегендей, әке-шешеміз еркелігімізді, қателігімізді түсініп кешіре біліп, ақыл-кеңесін аямайды. Жақсылыққа итермелеуден жалыққан емес. Ең бастысы адал бол, шыншыл бол деп отырады. Біз әке-шешеміздің айтқанын қалт етпей орындауға дайынбыз. Өмір бойы алдын кесіп көрген жоқпыз. Жер үй салған соң, сіздерге жайлы болады деп сегізінші бала қолдарына алды. Сондықтан осы үй - қара шаңырақ. Отбасылық шаралар болғанда, хабар берсе болды. Бәріміз осы үйге жинала қаламыз. Ұялы телефон арқылы Нұсқабаевтар әулеті деп чат ашып алғалы тіпті жақсы болды. Әр қалада жүргендерімен де үнемі байланыстамыз, - дейді.

Қайраттың айтуынша, кез келген қазақ отбасындағыдай бұл әулетте де үлкенді құрметтеу, кішіге ізетпен қарау қағидасы бірінші орында тұрады. Бұл шаңырақта әлі күнге дейін үлкенге «сен» деп сөйлемек түгілі, алдын кесіп өтпейді. Үлкен тұрып кішінің, әке тұрып ұлдың, шеше тұрып қыздың орынсыз сөйлемейтіндігі сияқты жазылмаған ережелер қатаң сақталады. Бұл бала тәрбиесін үл тәрбиесі, қыз тәрбиесі деп, жеке-жеке мән беріп қарастыратын қазақ отбасының өзіндік ерекшеліктерінің ішіндегі маңыздысы. Отбасы мүшелерінің арасында бір-бірінің тәрбиесіне жауапкершілік, борыштылық, адамгершілік сезімдерін туғызған Абдулла ақсақал мен Әлила апай - «менің әкем», «менің анам» деп ел алдында мақтана көрсетуге тұрарлық жандар. 93 жасқа келсе де, жады мықты, бойын тік ұстап,



## ЖАС ЖҰБАЙЛАР НЕНІ БІЛУЛЕРІ КЕРЕК?

- ▶ Берік әрі берекелі шаңырақ 4 нәрсеге негізделеді: махаббат, сыйластық, сенім мен төзімділік. Сондықтан екі жас бұл төртеуінің бір-бірінен ажырамауын қадағалауы тиіс.
- ▶ Бір-біріңіздің қателіктеріңізге кешіріммен қараңыздар.
- ▶ Тек физикалық қана емес, рухани тұрғыдан өте жақын болыңыздар (сырласу, ақылдасу, кеңес сұрау т.б.).
- ▶ Ара қатынастарыңызға ешкімді араластырмаңыздар.
- ▶ Бір-біріңіздің мініңізді өзгелердің көзінше айтпаңыздар.
- ▶ Бойдақтық өмірдегі «мен» дегенді ұмытыңыздар. Енді сіздер бір отау болдыңыздар. Сондықтан барлығы енді тек «біз», «біздікі» деген сөздермен байланысты.
- ▶ Орынсыз қызғанышқа жол бермеңіздер.
- ▶ Екі жақтың ата-анасын, туыстарын бірдей сыйлаңыздар.
- ▶ Қатыгездік пен дөрекілік шаңырақты күйретіп, мейірімділік оның болаттай берік болуының бір кілті.
- ▶ Отбасылық өмірде ер мен әйел өз міндеттерін толық, адал орындамайынша бақытқа қол жеткізе алмайды.

Отбасы ережесінен

әр сөзін шегелей айтып, мағыналы өңгімесімен алдындағы адамды ұйыта алады. Осы кісілерге қарап, әдемі қартаю дегенді түсінесің.

Бақыт Жаншаева